

Мәуліт күніне орай салтанатты жиын өтті

Сәрсенбі күні облыстық Қазақ жасөспірімдер театрында соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с) дүниеге келген күні аталып өтті.

Пайғамбарға салауат айтып, оның ғибратқа толы ғұмыры қалың жамағатқа насихатталатын бұл айтулы күн биыл ерекше өткенін білесіздер. Газетіміздің өткен санында жергілікті «Әлмұхаммед молла» мешітінің бас имамы Бектүрсын Торғайбайұлының ұйытқы болуымен кембағал жандар арасында дартс пен дойбы ойындарынан жарыс өткізілді, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілді, сонымен қатар футболдан сайыс өткен болатын. Қаламыздың театрында өткен салтанатты жолында сол спорттық бәсекеде орын алған командалар мен қатысушылардың есімі ата-

лып, оларға марапат сыйлықтар табысталды. Атап айтсақ, футболдан командалар арасында бірінші орынды кәсіпорындар мен мекемелер жеңіп алды. Екінші орынға құқық қорғау органдарының құрама командасы, ал үшінші орынға қалалық мешіт командасы ие болды.

Мәуліт күнін Арқалық жамағатымен бірге атап өтуге Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қостанай облысындағы өкіл имамы Бахытбек Тәжімбет пен бір топ облыстық мешіт өкілдері арнайы келді. Қостанайдан келген мейман Бахытбек Нұрғабылұлы Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) тура жолды, мейрімді де нұрлы өмірінен түрлі ғибратты мысалдар мен оқиғаларды айтып, оның мінез көркемдігін, рухани байлығын әңгімелейді. Жылның тізгінін айтыскер ақын Айбек Қалиев



ұстап, көркем де мағыналы сөздерімен кеш сағін келтірді.

Мәуліт күніне орай дәстүр бойынша жергілікті театр әртістері де арнайы қойылыммен әзірленді. Қысқаша көрініс арқылы театр қызметкерлері батыстың мәдениетіне еліктеп, ата-салтымыздан ажыраған бүгінгі келінің бет бейнесін суреттеп, ене мен келінің, ерлі-зайыптылардың мүңлы тағдырын нағымды сомдап берді. Рухани жүдеп-жадап бара жатқан қыз келіншектердің арсыз қылықтарына қарама-қайшы жүрегінде иманы бар, күйеуінің дүние мүлкіне емес, оның шүкіршілік етіп, бір Аллаға құлшылық етуіне сүйіспеншілікпен қараған ибалы келіншектің образы қойылады. Жалпы, театр әртістері ойлаған мақсаттарына жетіп, көрерменнің жүрек түкпіріне жол таба білді деп айтуға болады. Шеберліктеріне тәңгі болған жұртшылық қолтемет-құрметін аямады.

Осылайша соңғы пайғамбардың (с.ғ.с) дүниеге келген күні, барша мұсылмандардың ұлық та қасиетті күні Мәуліт өз мәресіне жетті.

Диана ІЗБАСАР